

Дөңгелек үстелдің хаттамасы №1

Алматы қаласы

20.05.2022 жыл

Қатысқандар:

З.Б.Донбаева, Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК Бас дәрігері

З.А.Гатаулина – кадр бөлімінің инспекторы

А.С.Ускенбаев – заңгер-кеңесші

А.Г. Мирзоева – ұйымдастырушы

Е.В.Самарцева – бас дәрігердің орынбасары

И.Б.Кемалова – акушер-гинеколог

О.Б.Кудрявцева – неонатолог дәрігер

С.А.Тохтиева – неонатолог дәрігер

Орта буын қызметкерлері: Т.М.Хван, С.И.Юсупова, Л.К.Мергенбаева, Т.Г.Герасимова.

Кіші буын қызметкерлері: Ж.Ж.Гуламова, А.Е.Доспаева.

Сөз комплаенс-офицер С.А.Черепановаға берілді.

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі қоғам мен еліміздің дамуының басты мәселесі болып табылады. Біз еліміздің әрбір азаматы еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқанын қалаймыз. Бұл Қазақстанның дамыған елдер қатарына қосылу процесін тездететін еді. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат құру біз үшін маңызды. Аталған мәдениетті дамытып, бюджет қаражаты мен мүлкін орынды пайдалансақ, біз қазіргіге қарағанда экономиканың дамуында үлкен нәтижеге қол жеткізер едік.

Біз ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын түсіндіру және талқылау мақсатында осы дөңгелек үстел мен шағын семинарды өткізіп отырмыз.

Бүгін біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын, ұжым мен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін атмосфера қалыптастыру

мүмкіндіктерін және жемқорлық құқықбұзушылық тудыратын жағдайды анықтап, жою мәселесін талқылайтын боламыз.

Сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі уақытта жалпы сипатқа ие болып, қоғамның барлық салаларында көрініс алды. Сонымен қатар, жемқорлық тек мемлекеттік секторда ғана орын алып отырған жоқ. Ол барлық мемлекеттік билік пен нақты әлеуметтік жүйенің құлауы мен таралуына алып келеді.

Сыбайлас жемқорлықтың басты себебі, елдегі саяси тұрақсыздық, билік құрылымдарының тиімсіз әрекеті, қалыптаспаған заңнама, экономикалық дағдарыс, халықтың құқықтық білімінің төмендігі, азаматтық қоғам институтының әрекетсіздігі, қоғамда қалыптасқан демократиялық дәстүрдің жоқтығы, әлсіз сот жүйесі, қолданыстағы заңнаманың нәтижесіздігі.

Дегенмен, бүгінде Қазақстанда халықаралық келісімдерге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың нормативті базасы құрылды. Сонымен қатар, біршама заң мен актілер қабылданды. Зерттеушілер қабылданған нормативті актілердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жоғары бағалады. Алайда елдегі белең алған жемқорлықты жоюға қауқарсыз.

Тәжірибеге сүйенсек, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мәселені толыққанды шеше алмайды. Себебі, сыбайлас жемқорлықты туғызушы жағдайлардың алдын алатын шаралардың болмауы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жеке тұлға мен қоғам іргетасын қайта құрып, мемлекеттік қызметшілер мен барлық азаматтардың тәртібін өзгерткен кезде ғана сәтті болады.

Сәйкесінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамды қалыптастыру жастарға азаматтық тәрбие берудің негізгі бөлігі болуы тиіс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, өздерінің құқықтары мен қоғам алдындағы міндеттерін білу керек.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 5 бабына сәйкес, жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін қоғам қалыптастыру. Аталған шараны жүзеге асыру құқықтық мәдениет деңгейін көтеріп, құқықтық тәрбие беруге байланысты.

Құқықтық тәрбиені мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық құрылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтарда құқықтық мәдениет қалыптастыратын еңбек ұжымының мақсатты бағытталған әрекеті арқылы анықтауға болады.

Құқықтық тәрбиенің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыты қоғамдық құқықты сақтау және оң көзқарас тудыруға, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың заң алдындағы жауапкершілікті сезінуіне негізделген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тәрбие беруді жүзеге асырудың негізгі формалары:

- Жемқорлыққа қарсы білім. Яғни, мектеп, ЖОО және қосымша білім бағдарламаларын оқыту кезінде сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін мінез қалыптастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пропаганда. Ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік жарнамалар арқылы жүзеге асады;
- Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әртүрлі іс-шаралар өткізуі (тыңдалым, жиналыс, семинар, конференция және т.б.).

Ары қарай, ақпараттық материалдар таратылып, сұрақ қойып, пікір алмасуға мүмкіндік берілді.

Сонымен қатар, мекеменің бас дәрігері З.Б.Донбаева сөз сөйледі.:

Осы тұста, біздің ресми сайтта және мекеме ғимаратында сенім телефондары көрсетілген ақпараттық парақтар ілінгенін айта кетейін. Барлық сұрақтарыңыз бойынша, сенім телефонына хабарлассаңыздар болады.

Елінің болашағына уайымдайтын және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін Қазақстан Республикасының әрбір азаматы елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын түсінсе екен деймін.

Осындай біріккен шаралар арқылы мекеме қызметкерлерінің мәдениет пен патриоттық сезімін оятып, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін атмосфера қалыптастыруға болады.

Перзентханада қызметкерлерден жемқорлық фактілерін анықтау және онымен күресу мақсатында анонимді сұрақ-жауап алынады.

Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлықтың не екенін дұрыс түсініп, жемқорлыққа төзбейтіндерін білдіреді. Сұрақ-жауап нәтижесі бойынша, сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жоқ.

Перзентханада call-center, сайт, сенім жәшігі орнатылған және директордың жеке қабылдауына да жазылуға болады. Адалдық сағаттарына ерекше рөл беріледі.